



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 027 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 14 қараша

Ұлттық валюта - теңгенің 10 жылдығына және қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

Ұлттық валюта - теңгенің 10 жылдығына

2003 жылдың 15 қарашасында ұлттық валюта - теңгенің енгізілгеніне 10 жыл толады. Бұл - тәуелсіздік жарияланған күннен бергі ең айтулы күндердің бірі. Ұлттық валютаның енгізілуі ақша-кредит саясатын өз бетінше жүргізуге мүмкіндік бергенін баса айту қажет. 10 жылда теңге едәуір нығайып, ТМД елдері валюталарының ішіндегі ең тұрақты валюталардың біріне айналды.

Қатаң ақша-кредит саясатын жүргізу инфляцияны 1993 жылғы төрт қатарлы мәннен (2165%) 1997 жылғы екі қатарлы мәнге дейін (11,2%) және 1998 жылғы бір қатарлы мәнге дейін (1,9%) төмендетуге мүмкіндік берді.

1996 жылдан бастап (1998 жылғы әлемдік қаржылық дағдарысты қоспағанда) экономика тұрақты түрде өсуде. Әсіресе еліміз соңғы 4 жылда жоғары қарқынмен дамыды (2000 жылы - 9,8%, 2001 жылы - 13,5%, 2002 жылы - 9,8%, 2003 жылғы баға - 9%).

Ірі мұнайгаз жобаларын іске асыру, өткізу рыноктарын түрлендіру және энергетикалық тауарларға сұраныстың сақталуы экспорттың өсу үрдісін нығайтты, ал бұдан кейін 2002 жылы 10 млрд. доллардан асатын экспорттың ең жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етті. Шикізат тауарлары экспортының өсу перспективалары және тікелей инвестициялардың тұрақты түрде көп әкелінуі шын мәнінде Қазақстанның сыртқы капитал рыноктарындағы позициясын нығайтты және сыртқы өтімділіктің жақсаруын қамтамасыз етті. Ағымдағы жыл төлем балансындағы ахуалдың одан әрі жақсара түсуімен сипатталады. 2003 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ағымдағы шоттың оң сальдосы 0,5 млрд. долл. жуық, шетелдік тікелей инвестициялардың нетто-әкелінуі - 1,4 млрд. долл. болды.

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері 10 жылда 10 еседен астам өсті (01.12.1993ж.- 452 млн. АҚШ долл.), 2000 жылы құрылған Ұлттық қор тұрақты түрде толықтырылуда.

Ақша-кредит саясатының тиімді жүргізілуіне «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заң (1995 ж. наурыз) ықпал етті, соған сәйкес Ұлттық Банк өз қызметінде тәуелсіз болды және Президентке ғана есеп беретін болды.

Саяси қысымнан арылғаннан кейін Ұлттық Банк тиімді банк жүйесін құру бойынша ауқымды жұмысқа кірісті. 1995 жылдан бастап банк жүйесінің бірнеше реформасы жүргізілді. Оларды іске асыру нәтижесінде Қазақстанның банк жүйесі ТМД-дағы ең мықты жүйеге айналды. 1996 жылғы желтоқсаннан бастап банктердің жиынтық меншікті капиталы 14 есе дерлік өсті, жиынтық активтері 11 еседен астам өсті. Сол

уақытта резиденттердің депозиттерінің жалпы көлемі 10 еседен астам өсті. Сонымен бірге 1998 жылдың басынан бастап халықтың салымдарының өзі шамамен 11 есе өсті. Экономикаға кредиттердің жалпы көлемі 1997 жылдан бастап 14 еседен астам өсті. Қазір банктер активтерінің 56%-не жуығы экономикаға кредиттер түрінде орналастырылуда.

Банк депозиторларының мүдделерін қорғау үшін бірқатар өте маңызды шаралар қабылданды, олардың бастыларына 2000 жылы банк құпиясы институтын енгізу және депозиттерді сақтандыру жүйесін іске қосу кіреді. Қазір Қазақстанның жұмыс істеп тұрған 36 банктің ішінен 25 банк депозиттерді сақтандыру жүйесіне кірді.

Осы шаралардың бәрі халықтың банк жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Салымдардың мөлшері бойынша халықтың жан басына шаққанда (142 АҚШ долл.) Қазақстан ТМД елдері ішінен Ресейден кейінгі орында.

Банк түрлеріне балама кредиттеу де дамып келе жатыр. Микрокредиттік ұйымдардың, почталық-жинақ ақша жүйесінің, тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы жүйесінің дамуына көп көңіл бөлінеді. 2000 жылы вексельдік қайта қаржыландыру жүйесі, 2001 жылы - ипотекалық кредиттеудің екі деңгейлі жүйесі іске қосылды.

Қаржы рыногының көбірек дамыған сегменттерінің бірі 1994 жылдың өзінде-ақ дами бастаған мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы болып табылады. Онда бірнеше күннен бастап 10 жылға дейінгі айналыс мерзімі бар, жиынтығында тұтастай алғанда қаржы рыногы үшін түсімділіктің жағымды индикаторын құрайтын құралдардың кең ауқымды аясы бар.

Корпоративтік бағалы қағаздар рыногы және сақтандыру рыногы әлдеқайда кейін - 1997 жылдан бастап дами бастады, олардың деңгейі экономика қажеттіліктеріне әлі де сай келмегенмен, жоғары қарқынмен дамып келеді.

Ең қысқа мерзімде құрылған және 1998 жылғы қаңтардан бастап жұмыс істеп келе жатқан жинақтаушы зейнетақы жүйесі халықты әлеуметтік қорғауға барынша зор үлес қосуда. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі салымшыларының саны 2003 жылғы 1 қазанда 6 млн. адамдай болды. Бұл экономикалық белсенді халықтың 80%-ке жуығы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің салымшылары екендігін білдіреді. Зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 2,3 млрд. долл. (ЖІӨ-нің 8%-ін) құрайды. Қазіргі уақытта жинақтаушы зейнетақы қорлары ірі институционалдық инвесторлар болды - зейнетақы активтерінің 32%-тен астамы отандық компаниялардың бағалы қағаздарына және банктік депозиттерге орналастырылды.

Қаржы секторындағы жетістіктер - бұл қаржы рыногына қатысушылардың қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі орасан жұмыстың нәтижесі. Қаржы секторының дамуымен бірге қаржы рыногына қатысушылардың қызметін реттеу мен қадағалау нысандары дамыды және жетілдірілді.

Әлемдік практика көрсетіп отырғандай, қаржы рыногының дамуына және шоғырлануына байланысты барлық қаржы институттарын жан-жақты бақылап отыру әлдеқайда тиімді болып табылады. Сондықтан Ұлттық Банкке сақтандыруды қадағалау органының (1998 ж.), Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның (2001 ж.), Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің (2002 ж.) функциялары мен өкілеттіктері біртіндеп берілген болатын. 2001 жылы Ұлттық Банкке банк қызметіне шоғырландырылған қадағалау жүргізу жөніндегі өкілеттіктер берілді. 2004 жылы барлық қадағалау функциялары жаңадан құрылған Қаржы институттарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттікке берілетін болады.

10 жылда қаржы рыногының мынадай дамыған инфрақұрылымы құрылды: төлем жүйелері, Қазақстан қор биржасы (KASE), Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО), Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі, Банкнот фабрикасы, Теңге сарайы және Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (Мемқойма). Жүйелі маңызды төлем жүйелеріне арналған, Қазақстанның төлем

жүйелері Халықаралық Есеп айырысу банкі (BIS) әзірлеген барлық принциптерге іс жүзінде сай келеді және халықаралық қаржы ұйымдары оларға жоғары баға беріп отыр. Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру бағдарламасын іске асыру электрондық ақшаны пайдалана отырып, халыққа және сауда-сервис кәсіпорындарына қызмет көрсету бойынша бірыңғай төлем кеңістігін құруға мүмкіндік береді.

Ұлттық Банк бухгалтерлік есепті жетілдіруге зор көңіл бөледі. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап банктік, сақтандыру және зейнетақы жүйелерінің, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногында қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есебі халықаралық стандарттарға сәйкес жасалады.

Ұлттық Банк қалыптастыратын статистика да халықаралық стандарттарға сай келеді. Қазақстан ТМД елдерінің ішінен алғашқылардың бірі болып деректерді оңтайлы таратудың критерийі болып табылатын ХВҚ деректерін тарату стандарттарының жүйесіне кірді.

Жуырда алдағы 3-4 жылға арналған Қаржы секторын дамыту тұжырымдамасы қабылданды, ол 2007 жылға қарай Қазақстанның қаржы рыногына қатысушыларды, төлем жүйесін және қаржы секторының басқа да сегменттерінің қызметін реттеу мен қадағалау тетігін Еуроодақ стандарттарына толық жақындатуды көздейді. 2007 жылға қарай теңгенің толық айырбасталуы, яғни ұлттық валютаның ағымдағы операциялар бойынша ғана емес, капитал қозғалысына байланысты операциялар бойынша да айырбасталуына қол жеткізу болжанып отыр.

Сонымен, теңге ұлттық валюта ретінде қалыптасты деп қорытынды жасауға болады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгенің енгізілгеніне 10 жыл толуына арналған «Қаржы жүйесін реформалау: өткен жылдардың сабақтары және болашаққа көзқарас» деп аталатын Халықаралық конференция өз жұмысын аяқтады. Ол екі күн бойы - 13-14 қарашада «Анкара» отелінде өтті. Конференцияның жұмысына Қазақстанның мемлекеттік органдарының және іскер топтардың өкілдерімен қатар шетелдік қонақтар да қатысты.

Бұл конференцияға ХВҚ-ның Басқарушы директоры - Хорст Кёлер, II Еуропалық Департаменттің Директоры - Джон Одлинг-Сми, II Еуропалық Департамент Директорының Орынбасары - Питер Келлер сияқты адамдардың қатысуы ерекше маңызды болды. Бұдан басқа, 20-дан астам елдерден (оның ішінде Германия, Австрия, Чехия, Қытай, Жапония, ТМД елдерінің барлығы дерлік және т.б.) орталық банктердің, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының басшылары мен өкілдері қатысты.

Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің 2003 жылдың қазан айындағы ресми деректері бойынша инфляция 1,3% (2002 жылғы қазан айында - 0,6%) болды. Азық-түлік тауарлары 1,7%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,7, халыққа ақылы қызмет көрсету 1,3%-ке қымбаттады.

Азық-түлік тауарларынан жұмыртқа бағасы жоғарылауының (20%) мезгілдік сипаты болды. Сондай-ақ ұн - 6,9%, нан - 5,4%, сүт өнімдері - 3,5%, мал майы - 3,2%, макарон өнімдері - 2,2%, көкөніс және жеміс-жидек - 1,9% қымбаттады. Қант пен күріштің бағасы тиісінше - 0,9 % және 0,3%- арзандады.

Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап бензиннің бағасы қымбаттай түсті. Оның қымбаттауы қазан айында 1,7% болды. Мұнан басқа, киім - 0,7%, ыдыс-аяқ пен баспа басылымдары - 0,6%-тен, мата - 0,5%, аяқ киім - 0,4% қымбаттады.

Халыққа ақылы қызмет көрсету құнының жоғарылауы қызмет көрсетудің тұрғын үй-коммуналдық салада - 1,8%, білім мекемелері мен қонақ үйлерде - 1,5%-тен, жолаушы таситын көлікте - 0,6% денсаулық сақтау және мәдени мекемелерде - 0,5% қымбаттауына байланысты.

2003 жылдың басынан бастап инфляция деңгейі 4,2% (2002 жылғы 10 айда - 4,1%) болды, сонымен бірге азық-түлік тауарларының бағасы 3,5%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 5,4%, халыққа ақылы қызмет көрсету - 4,3% жоғарылады.

2003 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсетуде 6,7% болды.

2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2003 жылғы қазан айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен алғанда 3,6%-ке 4747,1 млн. долл. төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қор активтерін толықтыру мақсатында 283,8 млн. долларға валюта сату Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы арқылы ішінара бейтараптандырылды. Сондықтан таза валюта қорлары 179,3 млн. долл. азайды. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар мен оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,03% өсуі нәтижесінде 3,2 млн. долл. ұлғайды.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, яғни Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала берілген деректер бойынша 3083,6 млн. долл.), қазанда 1,7% 7837 млн. долл. дейін ұлғайды. 2003 жылғы қазанда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы ақша базасының 0,1%-ке 294,1 млрд. теңгеге дейін кемуіне себепші болды.

2003 жылғы қыркүйекте ақша массасы 8,1%-ке 984,9 млрд. теңгеге дейін өсті (жыл басынан бері өсуі - 28,7%). Ақша массасы өсуінің негізгі факторлары банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің 13% және оның ішкі активтерінің 3,4% ұлғаюы болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) қыркүйекте 4,8%-ке 218 млрд. теңгеге дейін, ал ақша массасы құрылымында банк жүйесіндегі депозиттердің - 9,1%-ке 767 млрд. теңгеге дейін көбейді. Қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынымен салыстырғанда депозиттердің өсу қарқынының жоғары болуы ақша массасының құрылымында қолма-қол ақша үлесінің 22,8%-тен 22,1%-ке дейін азаюына себепші болды. Алайда, осы айда байқалған банктердің Ұлттық Банктегі депозиттерінің 64,4%-ке өсуі мультипликатор мәнінің 3,50-ден 3,34-ке дейін төмендеуіне ықпал етті.

3. Қаржы рыногы.

Валюта рыногы. 2003 жылғы қазан айы ішінде теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 146,91-148,59 теңге шегінде өзгеріп отырды. Бір айда теңге 0,81%-ке нығайды және ай соңында оның биржалық бағамы бір доллар үшін 147,77 теңге болды. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 5,18% болды.

Қазан айында биржалық операциялардың қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы көлемі 1,3%-ке 650,8 млн. долл. дейін ұлғайды (2002 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2 есе дерлік өсті). Жыл басынан бері биржалық операциялардың көлемі 4,9 млрд. доллар болды.

Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі 17,3%-ке және 708,1 млн. долл. дейін ұлғайды (2002 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе өсті). Банкаралық валюта рыногындағы операциялардың көлемі жыл басынан бері 5,4 млрд. доллар болды.

Бағалы қағаздар рыногы. 2003 жылғы қазанда Қаржы министрлігінің *мемлекеттік бағалы қағаздар* эмиссиясының көлемі 3,6 есе 38,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, сонымен бірге айналыстағы бағалы қағаздар көлемі 25%-ке 164,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Қазан айында алғаш рет 6, 7, 8 және 9 жылдық МЕОКАМ бойынша аукциондар өткізілді, олардың жалпы орналастырылу көлемі 8,6 млрд. теңге болды. Осылайша, қазіргі уақытта айналыста Қаржы министрлігі шығарған орта мерзімді бағалы қағаздардың барлық түрлері бар. Қазан айында 6 айлық қысқа мерзімді МЕККАМ эмиссияланды, олар бойынша кірістілік 5,10%-тен (28.04.03ж.) 5,90%-ке

дейін өсті, орта мерзімді 3 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік 5,76%-тен (15.09.03ж.) 6,19%-ке дейін өсті және 5 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік 6,30%-тен (22.09.03ж.) 6,19%-ке дейін (соңғы аукцион бойынша) төмендеді. Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын өтеу, оған қоса сыйақы төлеу 2003 жылғы қазан айында 5,5 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі қазан айында 28%-тен 19,2%-ке дейін төмендеген болса, ал олар бойынша кірістілік айналым мерзімінің ұзартылуына байланысты 5,07%-тен 5,12%-ке дейін жоғарылады. Айналыстағы ноттар көлемі 14%-ке 179,6 млрд. теңгеге дейін төмендеді, бұл Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясын ұлғайтуына байланысты еді.

2003 жылғы қазан айында Ұлттық Банктің тікелей РЕПО операциялары бойынша мәмілелер көлемі 5,9%-ке 30,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2003 жылғы қазан айында кері РЕПО операциялары өткізілмеді.

Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында 2003 жылғы 1 қарашада қолданылып жүрген акцияларының эмиссиясымен 2 989 акционерлік қоғамдар тіркелді. 2003 жылғы қазан айында бағалы қағаздар рыногында 51 брокер-дилер, 19 тіркеуші, 11 кастодиан-банктер, 2 өзін-өзі реттейтін ұйымдар және бағалы қағаздар портфелін басқарушы 7 ұйым жұмыс істеді.

2003 жылғы қазан айында жалпы номиналдық құны 27 661 млн. теңге болатын акциялардың 21 эмиссиясы және 5 мемлекеттік емес облигациялардың эмиссиясы тіркелді. 2003 жылғы 1 қарашада жиынтық номиналдық құны 146,6 млрд. теңге болатын 3 531 акциялардың қолданылып жүрген эмиссиясы және 61 мемлекеттік емес облигациялардың қолданылып жүрген эмиссиясы айналыста болды.

2003 жылғы қыркүйекте акциялар және мемлекеттік емес облигациялар бойынша биржалық сатып алу-сату мәмілелерінің көлемі 27%-ке 8,4 млрд. теңгеге дейін азайды.

Сақтандыру рыногы. 2003 жылғы 1 қазанда 32 сақтандыру ұйымының, оның ішінде 5 шетелдік қатысумен және 1 өмірді сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы болды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап сақтандыру ұйымдарының жиынтық меншікті капиталы 1,5 есе 8,9 млрд. теңгеге дейін өсті.

2003 жылғы 9 айда сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыруға 12,4 млрд. теңгені берді, бұл 2002 жылғы осындай кезеңдегі көрсеткіштен 4,6% көп.

2003 жылғы 9 айда сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 22,6%-ке 19,9 млрд. теңгеге дейін міндетті сақтандыру бойынша сыйлықақылардың едәуір өсуі есебінен (1,8 есе) ұлғайды. Сақтандыру төлемдерінің көлемі былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,9 есе ұлғайып, 2003 жылғы 9 айда 2,8 млрд. теңге болды.

Банкаралық рынок. 2003 жылғы қазанда банкаралық ақша рыногында банктердің өтімді құралдарын ұлттық, сол сияқты шетел валютасындағы орналастыру бойынша белсенділігінің жоғарылауы байқалды.

Қазанда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер 87,3%-ке 56,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Бұл орналастырылған теңгелік депозиттер бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасының 5,57%-тен 3,90%-ке дейін төмендеуі аясында болды.

Банкаралық валюталық қарыз алу рыногында операциялардың негізгі көлемі АҚШ долларындағы депозиттер есебінен жүзеге асты. Қазан айында орналастырылған доллардағы депозиттер көлемі 44,7%-ке 5,0 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғайды. Басқа валюта түрлерімен жасалған операциялар тым аз болды. Қазан айында доллардағы депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 1,14%-тен 1,23%-ке дейін ұлғайды.

Депозиттік рынок. Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі қыркүйекте 9,1%-ке (жыл басынан бергі өсу - 27,1%) 766,9 млрд. теңгеге дейін (5,1 млрд. АҚШ долл.

астам) ұлғайды. Сонымен бірге ұлттық валютадағы депозиттер 6,0%-ке 384,5 млрд. теңгеге дейін, ал шетел валютасындағы депозиттер - 12,4%-ке 382,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Заңды тұлғалардың депозиттері 13,6%-ке 458,9 млрд. теңгеге дейін, ал жеке тұлғалардың депозиттері - 2,9%-ке 308,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Халық салымдарының өсу үрдісі жалғасты. Олар бір айда 2,9%-ке 315,5 млрд. теңгеге дейін (2,1 млрд. АҚШ долларынан астам) өсті. Халық салымдарының құрылымында теңгелік депозиттер 2,6%, ал шетел валютасындағы депозиттер 3,0% өсті, нәтижесінде теңге депозиттерінің үлес салмағы 34,3% болды.

Депозиттер бойынша кірістілік деңгейі қыркүйекте аздап өзгерді. Банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 3,8%-тен 3,7%-ке дейін төмендеді, ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша өзгермей қалды. (1,3%).

Кредит рыногы. Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі 2003 жылғы қыркүйекте 6,5% (жыл басынан бері - 30,8%) ұлғайып, 879,4 млрд. теңге (5,9 млрд. АҚШ долл. астам) болды.

Ұлттық валютадағы кредиттердің өсуі шетел валютасындағы кредиттермен салыстырғанда қарқынды сипатта болды. Ұлттық валютадағы кредиттер 8,3%-ке 380,5 млрд. теңгеге дейін, ал шетел валютасындағы кредиттер - 5,2%-ке 498,9 млрд. теңгеге дейін (3,3 млрд. АҚШ долл.) өсті. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 42,6%-тен 43,3%-ке дейін өсті.

Ұзақ мерзімді кредиттер 5,9%-ке 549,2 млрд. теңгеге дейін, ал қысқа мерзімді кредиттер - 7,5%-ке 330,2 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 62,4% болды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері бір айда 6,6%-ке 201,7 млрд. теңгеге дейін өсті немесе экономикаға барлық кредиттердің 22,9%-і болды.

2003 жылғы қыркүйекте кредиттік рыноктағы проценттік ставкалар төмендеу үрдісімен сипатталды. Банктік емес заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 15,8%-тен 15,5%-ке дейін төмендеді.

4. Банктік сектор. 2003 жылғы 1 қазанда 36 банк жұмыс істеді, оның ішінде 3 - мемлекеттік банк, 16 - шетелдік қатысумен (Қазақстан Республикасының резиденті емес банктердің еншілес банктерін қосқанда).

2003 жылғы қыркүйекте банктердің жиынтық меншікті капитал 3,5%-тен 205,4 млрд. теңгеге дейін (валюталық баламасы - 1,4 млрд. АҚШ долл.), жиынтық активтері 9,3%-ке 1,56 трлн. теңгеге дейін (валюталық баламасы - 10,5 млрд. АҚШ долл.) ұлғайды.

2003 жылғы 1 қазанда банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесін 67,8% (1 қыркүйекте - 67,7%), күмәнді кредиттер - 30,3% (30,4%), үмітсіз кредиттер - 1,9% (1,9%) құрайды.